

МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫНЫҢ ОБЛЫСҚА САПАРЫ

Әлімжан ҚАДЫЛБЕКҰЛЫ,
Ғалым БАЙБАТЫРОВ,
Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ



Кеше облысқа жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов алдымен облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болып, онда қойылған жәдігерлерді, өсімдіктер, хайуанаттар дүниесін, «Қызыл кітапқа» енген аңдар мен құстарды тамашалап, облыстың көне дәуірінен бастап, бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Осыдан екі ғасыр бұрын Меккеден әкелінген кішкентай құран кітаптың, ертеректе жасалған қобыздың, Мойнақ шатқалындағы тасқа түсірілген таңбалардың тарихи деректерін ұрап білді.

Одан соң, Оралбай Әбдікәрімов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап қайтарып, алдағы жұмыс жоспары жайында айтып берді.

Елімізде мемлекеттік тілді дамытуға көп көңіл бөлінуде. Шығыс Қазақстан облысындағы мемлекеттік тілдің және басқа тілдердің даму ахуалына байланысты біздің комиссияның отырысын өткізейік деп келдік. Онда бірқатар проблемалар қарастырылады. Келесі жылдан бастап, Шығыс Қазақстан облысындағы барлық құжаттар мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Соған дайындығын көреміз.

Сіз ұшақтан түсе салысымен тарихи-өлкетану мұражайына келуіңіздің себебі неде?

Қай жерде болса да, облыспен танысуды мұражайдан бастаймын. Қазақстандағы ең бір көрнекті мұражайлардың бірі осы екен. Осындай мұражайлардың болғаны дұрыс. Облыстың табиғаты, тарихи бұл мұражайда жақсы көрсетілген, - деді ол.

Түске таяу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов «Өскемен қалалық әкімдігінің №6 «Күншуақ» балабақша-бөбекжай» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ашылу салтанатына қатысты. Келген қонақтарды шашу шашып қарсы алды. Содан кейін қонақтар «Күншуақтың» бөлмелерін аралап көрді. Балабардың ата-аналарымен кездесіп әңгімелесті. Қонақтарға арнап «Балдырған» ересектер тобы «Менің Қазақстаным» Әнұранын шырқайды. («Күншуақ» балабақшасы



туралы материалды газеттің 3-бетінен оқуға болады).

Мемлекеттік хатшымен ҚР Тіл комитетінің төрағасы Е. Қажыбек, облыс әкімінің орынбасары А. Мурзин, қала әкімі М. Сапарғалиев, басқа да лауазымды басшылар бірге жүрді.

Түстен кейін белгілі түрколог, қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Сәрсен Аманжоловтың ескерткішінің ашылу салтанаты болды. 2003 жылдан бері әйгілі ғалым есімімен аталатын Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті бас ғимаратының алдында орнатылған ескерткіш жамылғысын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов пен Шығыс Қазақстан облысының әкімі Жәнібек Кәрібжанов ашты.

Ескерткіштің ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов, облыс әкімі Жәнібек Кәрібжанов, Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкімбақ Құрманғалиев, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Арыстан Ғазалиев, университеттің төртінші курс студенті Оюла Нескормных, С. Аманжоловтың ұлы, қазақ ұлттық университетінің профессоры, ғылым докторы Алтай Аманжолов сөз сөйледі.

Мәртебелі меймандар мен салтанатқа қатысушылар С. Аманжолов еңбектері мен өмір жолына арналған көрмені, еліміздің тұңғыш Президенті атындағы жоғары ақпараттық білім беру орталығын аралап көрді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов кеше облыстың құқық қорғау органдарының басшыларымен кездесті. Оған облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушісі Таумұрат Лұқпанов, облыс прокуроры Хакім Кешқалиев, облыстық соттың төрағасы Бағлан Мақұлбеков және басқалар қатысты.

Кездесуді ашқан облыс әкімі Жәнібек Кәрібжанов жиналғандарға мемлекеттік хатшының облыстағы құқық қорғау органдарының атқарып жатқан істері, қоғамдық тәртіптің сақталуы жөнінде, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында нендей жұмыстардың істеліп жатқандығын білгісі келетінін жеткізді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов өз сөзінде Елбасының сыбайлас жемқорлықпен күреске ерекше мән беріп отырғандығын, сондықтан аймақтағы сол бағытта атқарылып жатқан жұмыстар турасында және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызмет этикасын қалай сақтайтынын толық білгісі келетінін айтты, осы бағыттағы міндеттерге тоқталды.

Мемлекеттік хатшы бастаған топ және облыс, қала басшылары кеше кешкіні Өскемендегі Даңқ мемориалына гүл шоқтарын қойды.

Бүгін және ертең ресми лауазымды топ мүшелерінің облысымыздағы іссапары одан әрі жалғасатын болады.

СУРЕТТЕРДЕ: мәртебелі меймандар «Күншуақ» балаларының өнерін тамашалауда; С. Аманжолов ескерткішінің ашылу рәсімінде Алтай АМАНЖОЛОВ сөз сөйләуде.

Суреттерді түсірген
Е. ОРЫНБАЕВ.